

Мухамадиева Г.Н., Тасова М.

**Қылмыстық процесс қағидаларының жүзеге асырылуы қылмыстық-процестік заңнама сапасының көрсеткіші ретінде**

Қылмыстық процесс принциптерінің жүзеге асырылу мәселелері заңдылықты және құқықтық тәртіпті, қылмыстылықпен күресуді нығайтуға бағытталған мемлекеттің саяси-құқықтық бағдарламасын орындаумен байланысты өзектеледі. Бұл көрсеткіштер қылмыстық процесс принциптерінің отандық мемлекет және құқық теориясының, конституциялық және салалық құқықтың жетістіктеріне табан тіреуші қылмыстық-процестік ғылым теориясында ары қарайғы зерттеулерді талап етеді.

**Түйін сөздер:** қылмыстық процесс принциптері, қылмыстық процесс принциптерінің жүзеге асырылуы, тұлға құқықтары мен бостандықтарын қорғау, адамның жеке басына қол сұқпаушылық, күдіктіні ұстау.

---

Mukhamadyeva G.N., Tasova M.

**Implementation of the principles of criminal procedure as an indicator of the quality of criminal procedural law**

Issues of implementation of the principles of criminal procedure are actualized in connection with the execution of political – legal state program aimed at enhancing the rule of law, the fight against crime. All these indicators become apparent that the principles of due process require further study in the theory of criminal – procedural science, which must also rest on the achievements of the constitutional and sectoral rights, domestic theory of law.

**Key words:** principles of due process, the implementation of the principles of criminal procedure, protection of the rights and freedoms of the individual, inviolability of the person, the detention of the suspect.

---

Мухамадиева Г.Н., Тасова М.

**Реализация принципов уголовного процесса как показатель качества уголовно-процессуального законодательства**

Вопросы реализации принципов уголовного процесса актуализируются в связи с исполнением политико-правовой программы государства, направленной на повышение законности и правопорядка, борьбу с преступностью. Все эти показатели явствуют о том, что принципы уголовного процесса требуют дальнейшего изучения в теории уголовно-процессуальной науки, которая должна упираться также на достижения конституционного и отраслевого права, теории отечественного государства и права.

**Ключевые слова:** принципы уголовного процесса, реализация принципов уголовного процесса, защита прав и свобод личности, неприкосновенность личности, задержание подозреваемого.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ  
ПРОЦЕСС  
ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ-  
ПРОЦЕСТІК ЗАҢНАМА  
САПАСЫНЫҢ  
КӨРСЕТКІШІ РЕТІНДЕ**

Қылмыстық процесс ғылымында принциптер отандық және шетел заң әдебиеттерінде жеткілікті толық зерттелгенмен де, олар әлі бір тұжырымға келмеген. Мәселен осы принциптерге қатысты әртүрлі пікірлер бар. Солардың ішінде принциптер кейбір ғалымдардың пікірінше (В.М. Савицкий, В.Т. Томин) принциптер жалпы басқарушы идеяны білдіріп, тек сондай идея болып қала беруі керек, олар құқықтың барлық жүйесінен өтетіндіктен, құқықтық бекітуді қажет етпейді [1, 45 б.; 2, 193-194 б.]. Ғалымдардың екінші бір тобы (М.Л. Якуб, Н.Н. Полянский) принцип ретінде тек анықтау, тергеу, прокуратура және сот органдарының қызметін анықтаушы заңмен бекітілген жалпы ережелерді көрсетеді [3, 51 б.; 4, 83-84 б.]. Құқықта бекітілуін тапқан басқарушы идеяларды принциптер деушілер үшінші топты құрайды (М.С. Строгович, Е.Е. Ерешев, Б.Х. Төлеубекова, К.Ж. Капсаямов) [5, 72 б.; 6, 44 б.; 7, 278 б.; 8, 24 б.].

А.В. Гриненконың пікірі бойынша принциптер туралы ілім қылмыстық сот өндірісі теориясының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Оның өңделгендігінің деңгейі, толықтай заң ғылымының жағдайы туралы, сонымен қатар құқық қолдану мәдениеті туралы жорамалдауға мүмкіндік береді [9, 21 б.]. Бұл пікірмен келіспеуге болмайды. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізуде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуші қылмыстық іс жүргізудің демократиялық құрылымы Конституцияда, қылмыстық іс жүргізу заңында бекітілген принциптерге негізделеді. Қылмыстық іс жүргізу принциптеріне талдау жасаудан, олардың көбі (бәсекелестік, заңдылық, адамның жеке басына тиіспеушілік, адамның және азаматтың заң және сот алдындағы теңдігі) еліміздің Конституциясымен кепілденетінін және мұндай принциптер жалпы құқықтық болып танылатынын, бұл демократиялық құқықтық мемлекеттің табиғатын және мәнінің көрінісін білдіретінін көруге болады. Бұл принциптер адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын жоғары құндылық және мемлекеттің игілігі деп таниды. Олар қылмыстық іс жүргізудің тұтас жүйесінің шеңберінде, оның барлық стадияларында әрекет жасауы қажет. Тарихта қылмыстық іс жүргізудің нысаны әр елдерде көптеген өзгерістерге ұшыраған, бұл мемлекеттік

құрылымға және оның ішіндегі құқықтық саясатқа байланысты. Осылайша, қылмыстық процестің принциптерінің барлығы адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, оларды жеткілікті дәрежеде қорғауға бағытталған. Себебі адамға тиесілі құқық пен бостандық оның ең негізгі құндылығы, еркі. Осыған сай Конституциямыздың 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам мен адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [10] екендігі баяндалған.

Сондай-ақ Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында: «мемлекеттің басты бағыты – адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау және оны қамтамасыз ету, сондықтан да адам мен азаматтардың конституцияда көрсетілген құқықтарын өте жоғары дәрежеде кепілдендіру қажет, өйткені тұлғаның құқықтары мен бостандықтары әлемдік өркениеттің құндылығы болып саналады» [11] деп адам құқықтарының қаншалықты маңызды екенін атап өткен.

Біздің пайымдауымызша тұлғаның құқықтарының толық, өз дәрежесінде қамтамасыз ету – қылмыстық сот ісін жүргізу аясындағы демократияны және ізгілікті бағалаудың көрінісі мен өлшемі болмақ. Жалпы қылмыстық процестің жиырма екі қағидасы заңмен бекітілген. Олар: заңдылық; сот әділдігін тек соттың ғана жүзеге асыруы; адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау; жеке адамның абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу; адамның жеке басына тиіспеушілік; қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау; жеке өмірге қол сұқпаушылық; тұрғын үйге қол сұқпаушылық; меншікке қол сұқпаушылық; кінәсіздік презиумпциясы; қайта соттауға және қылмыстық ізгетүсуге жол берілмеуі; сот әділдігін заң мен сот алдындағы теңдік негіздерінде жүзеге асыру; судьялардың тәуелсіздігі; сот ісін жүргізуді тараптардың бәсекелестігімен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асыру; істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу; дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау; сезіктінің, айыпталушының қорғануға құқығын қамтамасыз ету; куәлік айғақтар беру міндетінен босату; білікті заң көмегіне құқықты қамтамасыз ету; жариялылық; қылмыстық сот ісін жүргізу тілі; іс жүргізу әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану бостандығы.

Қылмыстық іс жүргізу барысында оның нормаларымен жоғарыда аталған қағидалар

дұрыс әрі толық сақталғанда, орындалғанда ғана қылмыстық процеске қатысушылардың конституциялық құқықтары толық қамтамасыз етілген болып есептеледі.

Әйтсе де қылмыстық іс жүргізу барысында оған қатысушы тұлғалардың, соның ішінде жәбірленуші, сезікті мен айыпталушының конституциялық құқықтары дұрыс сақталмайтындығы көрініс беріп жатады. Заң бұзушылықтар құқық қорғау органдары қызметкерлері тарапынан алдын ала тергеу сатысында, тінту, жауап алу, жедел іздестіру мен мәжбүрлеу шаралары барысында жиі кездеседі. Яғни, құқық қорғау органы қызметкерлерінің сезікті мен айыпталушыға не олардың жақын-туыстарына, жәбірленушіге конституциялық құқықтарын дұрыс түсіндірмеуінен, сезікті мен айыпталушы және олардың туыстарынан жауап алу, тергеу барысында зорлық, күш көрсету, қорлау секілді құқыққа жат әрекеттер жасауынан туындайды.

Оның дәлелі, 2015 жылдың 23 қаңтарында Бас прокуратураның алқа мәжілісінде ҚР Бас Прокуроры А. Дауылбаев: «Қылмыстық өндірістің сотқа дейінгі сатысына қадағалау жасау аясында прокурорлар заңсыз ұсталған (1506) адам босатылған, тоғыз жүз отыз адамға қатысты заңсыз шұғыл іздестіру іс-шаралары тоқтатылғандығын және 2015 жыл бойынша прокурорлар санкциясыз жүргізілген 60 тінтудің (14) және алуды (46) заңсыз деп таныды, (1824) жасырын тергеу әрекеттеріне санкция беруден бас тартқандығын» баяндаған болатын [12].

Барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар, мекемелер, лауазымды адамдар және азаматтар конституцияны, заңдарды және осыларға сәйкес басқа да нормативтік-құқықтық актілердің ережелерін мүлтіксіз сақтауы және орындауы керек.

Егер заң ережелері сақталмаса не дұрыс орындалмаса оны бұзушы тұлғалар белгілі жауапкершілікке тартылады, сондай-ақ заң ережелерінің бұзылуы әсерінен келтірілген зиян өз мөлшерінде өтелуге тиіс.

Сонымен қатар қылмыстық іс жүргізу кезіндегі конституция нормаларының орындалуына қатысты кейбір шешімін таппаған мәселелер де кездесуде, мысалы ҚІЖК-нің 14-бабында: «Осы Кодексте көзделген жағдайларда ғана және күзетпен қамауға алынған не ұйқамаққа алынған адамға сотқа шағым жасау құқығын бере отырып, соттың санкциясымен ғана күзетпен ұстауға және ұйқамаққа алуға жол беріледі. Адам соттың санкциясынсыз жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ғана ұстап алынуы мүмкін [5]» делінген. Біздің

ойымызша, соттың санкциясынсыз жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстау жалпы емес тек қылмыс ауырлығына қарап осы мерзімге ұстау көзделсе. Дәлірек айтқанда ұстау негізі болып отырған қылмыс онша ауыр емес, не ауырлығы орташа қылмыс болса – қырық сегіз сағатқа ұстауға алынса, ал егер ауыр және аса ауыр қылмыс болса – жетпіс екі сағатқа ұстау негізделуін ұсынамыз. Яғни, жасалған қылмыс сипатына, ауырлығына қарай жіктей отырып жасалынады.

Себебі әлемнің дамыған бірнеше мемлекеттерінің заңнамаларында, мысалға алсақ оның ішінде көршілес Ресей Федерациясының қылмыстық-процестік кодексінің 10-бабында: «Осы Кодексте белгіленген негіздер бойынша болма-

са, ешкімді де қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұстап алуға, күзетпен қамауға алуға болмайды. Соттың шешіміне дейін тулғаны 48 сағаттан асатын мерзімге ұстап алуға болмайды [13]» – деп көрсетілген.

Жалпы негізде жетпіс екі сағатқа ұсталғанда сол уақыттар ішінде күдікті түрлі моральдық, психикалық тұрғыда (төзімі таусылу, уайымға салыну, түңілу) сезімдерді, жан қиналысын басынан кешіруінен денсаулығына зиян келуі мүмкін. Аталған мерзімнің реттелуін ұсыну арқылы біздер күдік келтірілушінің ұзақ мерзімдік ұстау әсерінен моральдық психикалық зиян шекпеуін және конституциялық құқықтарының толық сақталуын қамтамасыз етеді деп ойлаймыз.

### Әдебиеттер

- 1 Савицкий М.Я. К вопросу о системе принципов советского уголовного процесса // Сов. государство и право. – М.: Изд-во АН СССР, 1950. – №1. – С. 45-56.
- 2 Томин В.Т. О понятии принципа советского уголовного процесса // Труды ВШ МООН РСФСР. – М., 1965. – Вып.12. – С. 53-61.
- 3 Якуб М.Л. Процессуальная форма в советском уголовном судопроизводстве. – М.: Юр.лит., 1981. – 144 с.
- 4 Полянский Н.Н. Вопросы теории советского уголовного процесса / под ред. Д.С. Карева. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1956. – 271 с.
- 5 Уголовный процесс: учебник / под ред. М.С. Строгович. – М.: Юр. изд-во МЮ СССР, 1946. – 511 с.
- 6 Ерешев Е.Е. Қылмыстық іс жүргізу. Жалпы бөлім: оқулық. – Алматы: Өлке баспасы, 2006. – 216 б.
- 7 Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть общая: Академический курс / под ред. д.ю.н., проф. Б.Х. Төлеубековой. Книга первая. – Алматы: ТОО Издательская компания НАС, 2004. – 416 с.
- 8 Капсаламов К.Ж. Уголовно-процессуальное принуждение: гарантии, принципы, реализация. – Астана: Фолиант, 2001. – 160 с.
- 9 Гриненко А.В. Источники уголовно-процессуальных принципов // Журнал российского права. – 2001. – № 5. – С. 21-27.
- 10 Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30 тамызда қабылданды. ҚР-дың Парламентінің Жаршысы. – 1996. – №4. – 217 б.
- 11 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы // <http://www.akorda.kz/>;
- 12 Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп Комитеті // <http://pravstat.prokurog.kz/kaz>;
- 13 Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу Кодексі 1997 ж. 13 желтоқсандағы, № 206-1 Қазақстан Республикасының Заңы. – ҚР-дың Парламентінің Жаршысы. – 1997. – № 23. – 335 б.

### References

- 1 Savickij M.Ja. K voprosu o sisteme principov sovetskogo ugovolnogo processa // Sov. gosudarstvo i pravo. – M.: Izd-vo AN SSSR, 1950, №1. – S. 45-56.
- 2 Tomini V.T. O ponjatii principa sovetskogo ugovolnogo processa // Trudy VSh MOON RSFSR. – M., 1965, vyp.12. – S. 53-61.
- 3 Jakub M.L. Processual'naja forma v sovetskom ugovolnom sudoproizvodstve. – M.: Jur.lit., 1981. – 144 s.
- 4 Poljanskij N.N. Voprosy teorii sovetskogo ugovolnogo processa /pod red. D.S. Kareva. – M.: Izd-vo Mosk. un-ta, 1956. – 271 s.
- 5 Ugolovnyj process: uchebnik / pod red. M.S. Strogovich. – M.: Jur. izd-vo MJu SSSR, 1946. – 511 s.
- 6 Ereshev E.E. Kylmystyk is zhurgizu. Zhalpy belim: Okulyk. – Almaty: Olke baspasy, 2006. – 216 b.
- 7 Ugolovno-processual'noe pravo Respubliki Kazahstan. Chast' obshhaja: Akademicheskij kurs / pod red. d.ju.n., prof. B.H. Toleubekovoj. Kniga pervaja. – Almaty: TOO Izdatel'skaja kompanija NAS, 2004. – 416s.
- 8 Kapsaljamov K.Zh. Ugolovno-processual'noe prinuzhdenie: garantii, principy, realizacija. – Astana: Foliant, 2001. – 160 s.
- 9 Grinenko A.V. Istochniki ugovolno-processual'nyh principov // Zhurnal rossijskogo prava. – 2001. – № 5. – С. 21-27.
- 10 Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30 тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. – №4. – 217 б.
- 11 Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы // <http://www.akorda.kz/>;
- 12 Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп Комитеті // <http://pravstat.prokurog.kz/kaz>;
- 13 Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу Кодексі 1997ж. 13-желтоқсандағы, № 206-1 Қазақстан Республикасының Заңы. – ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. – № 23. – 335 б.;